

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

**Іңкәрлік
(Хикаят)**



«Домбыра шіркін!
Атадан қалған сенің де, менің жиһазым,
Мәңгіліксің-ау, мұратым, сол бір-
биязы, қоңыр, бипаз үн!
...Бабанның жасы үлкен ғой, жаным,
өзгеге мүлде табынба,
Домбыраның ғана аяғына жығыл,
аяғына жығыл, күйпазым!»
Меңдекеш САТЫБАЛДИЕВ.

Атырау қойнауының тынышын кетірген ақпанның ақырған ақ бораны дала етегін желпілдетіп сақ-сақ күлді. Аспан да ашуланшақ адамдай қабағы шытынап тұрып алды. Бұраң қағып бораған қар қорадағы мал, үйдегі жанның өкшесін бастырмай тұр. Ат құлағы көрінбейтін ақ боранда қос салт атты батар күнмен жағаласып, жүріп келеді. Күрең ат құлағын қайшылап, баяу алға жылжиды. Боран да бір сәт ішін тартқандай саябырсыған сәтте Қашаған жанындағы серігіне бар дауысымен айқай салып, сөйлеп кетті.

– Құрман аға, мына боран екеумізді қияметтің түбіне тартып кетер ме екен деп қорқып келе жатыр ем. Әйтеуір, күн ашылды-ау

– Әй, Қашаған-ай! Қарағым-ай! Сен екеуміз дауылдан да, жауыннан да бой тасалап көріп пе едік?! Бізге қашан мейірім, шуағын төгіп еді мына өмір? – деп Құрманғазы маңдайын басқан қара сеңсең бөркін бір көтеріп қойды.

– Сөзіңізге құлдық, Құреке, – деген Қашағанның жанары жасаурап барып, бойын тіктеп алды. Жасымыздан бұл даланың аптабын да, боранын да жатсынбадық, жастанып өстік. Кешкен өмір де – сойқан, күн де – әбігер. Бет бақтырмай маңайдан соққан мынау ызғар – қырдан да, тасадан да табылатындай мына бізге. Соны ойлап, қамығып, қалжырап келе жатқаным ғой, Құреке! Өзіңізге ерген осы он күнде жол сүреңінен қажыған сәтімде, Сізге қарасам серпіліп қаламын. Қалғымайтын, шаршамайтын, талмайтын қандай биіктік деп тамсанам. «Қайтпаған қалың жаудан Құрманғазы, Тағдырдың бөгелмейді дырауына» дегеніз де қандай маңғаздық!

– Әй, орақ тілді ақыным-ай! «Қылыш кетілмей ме, жігіт жетілмей ме?» дейтіндей жас та емессің. Сенің сөз жүйріктігіңе шек келтіруге бола ма екен?! Атаны ата деп сыйламай, астамшылық жасаған бір бейпілауыз ақынға ашуланғанда айтқан сөзің есімнен кетпейді. «Пілдің тірі бәсіде мың ділдә, өлсе тері бәсіде мың ділдә» дегенің жүрегіме қонады.

– Құреке! Сіздің өнеріңіздің жанында біздің ақындығымыз жәй әшейін нәрсе ғой. Сіз домбыраны қолға алғанда, қас қағымда нөпір толқын шиыршық атып, күтпеген жерден күн күркіреп, шөл даланың кезерген ерні жібігендей еріп жүре бермей ме?

– Қашаған-ау, тағы да не деп кеттің? «Төбеден тау, титтейден дәу жасама» дегенді ұмытпа. Қас қарайып келеді. Алыстағы анау жарқыраған отты көріп келесің бе? Ауыл болса керек-ті. Аттың басын бұралық, жан жолдасым солай қарай, – деді жалы көтеріліп.

Екі жолаушы суықтан әбден қалжырап, тоңып, әлі құрып келе жатса да, тағдырдың мазағына көнбеске белді бекем бұған жандарды. Ақ боранмен алысқан екеудің бір сәт жан-жүрегі мұңға шалына қалса, мынау тәкаппар табиғаттың тұтқынында жұтылып кетер ме еді?! Соры мен бейнеті бір арылмаған қасқа маңдайды тасқа тигізгендей тойтарар ма еді, кім білсін?! Ұйтқи көтеріліп, жолбарыстай ыңырсыған боранмен алысқан Құрманғазы мен Қашағанның ішкі табиғаты да борандай шамшыл, өзінше бір ширығып, іштей қайнап жатқан бір дүлей-ді...

Бұлар мұржасынан түгін будақтаған қараша үйге келгенде, жүдеу өңді, жұқалтаң келген жас жігіт жерошақтың басында қазан астын ұзын көсеумен қайта-қайта қопарыстырып, біресе қазандағы сорпаның тұзын ағаш қасықпен татып қарап отыр. Екіншісі, шаршағаннан көздері ісініп, қанталап кеткен мұртты, елуді еңсерген малшы енжарлау қалыппен қаптан тезек алып, отқа салады. Қалған екі малшы жігіт отқа

жылынғандай боп, қалғып-мүлгіп отыр екен. Қараша үйдің есігі сарт етіп ашылып, үйге бір құшақ суықты көтеріп кіріп келген екеуді көргенде, үйдегі төртеу де орындарынан атып-атып тұрған еді. Келгендердің малдың қожайыны емес, бөтен бір жолаушылар екенін көрген соң ауыздарын жыбырлатты да, сәлемдесуге жарамай орындарына отыра кетіп, алаңсыз өз тіршіліктеріне кіріскен. Біреуі Құрманғазының қанжығасындағы домбыраны байқады да, жанына келді:

– Қонатын жай, ішетін ас сізге бізден табылмас. Төбе астында – Есқали сұпының ауылы қонған. Есқали сұпы елге аты шыққан иманды кісі. Домбыранды байқап тұрмын, бүгінгі түн Есқали сұпының сыйлы мейманы боларсыздар деп екеуге жол көрсетіп шығарып салды.

Ол келгенде үйде қалған үшеуі: «Бұл не қылғаның?! Есқали сұпының сұмдығын бүркемелегенің не? Жарлы-жақыбайдың діні – шала, ойы – пасық Есқали сұпыдан көрген азабы аз ба еді?! Мына бейшаралардың боранда көрген азабы аздай, енді сұпының төбеттері таласын дейсің бе?» деп жанжақтан дүрсе қоя берді. Әлгі адам өзінше ширай түскендей болып, бетінің бар қызылы дуылдап шыға келді. Сәлден соң әлденеден есесін қайтаратын адамдай қызына сөйлеп:

– Барсын, Есқали сұпыныңкіне. Байқасаңдар, бұлар тегін адамдар емес. Есқали сұпының сұсын қашырмаса, маған сәлем бермей-ақ қойыңдар деп өзінше кесіп пішті.

Құрманғазы мен Қашағанның: – Құдайы қонақпыз! – деп дауыстары саңқ еткенде, сұпы түлкі ішігін жамыла түсіп, қабағы жауар бұлттай түнеріп кетті. Есік алдындағы екеуді елең қылмай, жалшы жігітке: Әй, жалшы-құл, шәй ішерде есікті ашпа демедім бе мен саған. Боран азынап, қара суығы тепті-ау басыма. Іргемді айналдырып қымта да, қаптан отқа тезек таста. Сосын қарап отырма, су алып кел, дәрет алармын, жылытып қой, – деп шайпау тілімен шағып өтті де, «Әй, менің тігіп қойған ақ отауым жоқ қаңғырған елге. Босағамнан аттамасын домбырасын арқалаған қайыршылар. Бар, мал қораға барыңдар» – деп жүзін күйші мен ақынға бұрды. Сұпының сұрқиялығы Құрманғазы мен Қашағанның жүрегін тілгілеп өтті. Қашаған жұлып алғандай:

Өлеңім он төрт жастан жолдас едің,
Қызыл тілім сөйлегенде алмас едің.
Бай-сұпы, хан-кәкімнен ығар болсаң,
Сен – өлең, мен – Қашаған болмас едім.
Қарасайшы абайлап жөн-жобаға,
Домбыраны асынған дорбаға да.
Алты қанат ақ боз үйің тұрған кезде,
Неге бізді қуасың мал қораға.
Кісілігің неткен кіші сұпы аға?
Түсінігің – месқарын құты ғана.
Сорлылығыңды сорғалатып бетіңе айтсам,
Басқа шапшып, бүлініп, шытынама – деп салды.

Сұпы асып-сасып, қисайып кеткен сәлдесін түзей сала «бір Аллаға берілген адал жанмын» дегендей, жайнамазын төседі. Қолын жайып, Құдайына құлшылық етті, дауысын сарнатып. Өзі ішінен сақылдап күлгендей ме, еңкілдеп жылағандай ма, бір шарасыз күйде тұр. Намазы да бітер емес. Сыртта – ақ боран. Ақ боранды елең қыла қоймағандардың да қылығы қызық. «Іште не қызық боп жатыр, біз де құр қалмайық» деп елеңдесіп есік алдында тың тыңдағандардың саны көбеймесе, азаяр емес...

Құрманғазы қалың ойдың құшағына енген. Мұндайда «қобыланшылық» танытып, ерлік шақыру да қиын-ау. Қашағанның жүзі күреңгітіп, қабағы тарс түйіліп кеткенін көріп, Құрманғазы сырт киімін шешіп төрге қарай оза берді. Сол кезде алты қанат ақ боз үйдің түндігі желпілдеп, дір-дір еткендей болды. Сасып қалған сұпы бетін сипай сала, қос қонаққа бүкіл денесімен бұрылды. Не деген құдырет десеңізші! Жүздерінде – қорқу мен қымсынудың еш белгісі жоқ. Дала қазағына тән еркіндіктің желі есіп тұр. Екі кештің ортасында келген аттылы екеу сұпының сұсын қашырып, мысын басып барады. Мынау

сұс неткен сұс еді?! Сұпының тұла бойы қалшылдап, бір ысып, бір суынды. Үй ішіндегі үнсіздікті сұпының кішкентай баласы бұзды. Жүгіріп келіп домбыраны қызықтады. Кішкентай саусақтарымен ішегін дың-дың еткізіп шертіп қалды да, шыққан дауысқа таң болып, күліп жіберді. Сол сәтте сұпының жан дауысы шықты.

– Әй, бақа болғыр, әрі кет! Құдай мен Құранның шаңырағы ғой, бұл. Ластамақ болып, жын-шайтандар кіріп, шалқайып төрге жайғасып отырып алғанын көрмеймісің?! Шайтанның қу ағашын тамашалап тұрмысың, сен иттің күшігі», – деп баланы жағынан тартып-тартып жіберді. Үйді басына көтере бақырған бала жүгіріп барып, қара тастай боп бір орнында қатып қалған бәйбішенің кең қойнына кіріп кетті.

– Тоқтат, сұпы, сандырағыңды, – деп Құрманғазы ашулы жанарын жарқ еткізгенде, Қашаған домбыраны қолына алып, шертіп-шертіп жіберді де, көкке шаншылған ащы дауысымен жырына басты:

Қолымдағы қу ағаш,
Сөйлеп тұрған бұл ағаш.
Қолымдағы ағашым,
Алып жүрген домбыра.
Домбыра күнә деген сөз,
Тек бір айтқан дабыра.
Таңда машқар болғанда,
Кімнің жақсы-жаманын,
Алла білер соңыра.
Өзінді тақсыр молда дейді,
Боқтағаның қай ағаш?
Хазіреті Мұсаға
Аса болған бұл ағаш.
Жәнеттерге тұзақтан
Таса болған бұл ағаш.
Зауықты күнә деменіз,
О да айт пен тойдыкі.
Сазды күнә деменіз,
Атамыз адам пайғамбар.
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертіпті деген бар.
Ол күндегі о да саз,
Бұл күндегі бұ да саз.
Сазды күнә деп жүрген

Молдеке, сенің ақылың аз», – деп дүмше сұпыны жерден алып, жерге салды. Үй ішіндегі басын төмен бұққан адамдардың жүздері жадырап сала берді. Сырттағы тың тыңдағандар «мына ақынның тілі шардан шыққан қылыштай екен-ау. Сұпыны мықтап бір соқты» десіп мәз болысты.

Жар басында жалғыз қонған дуадақтай сұпының басы салбырап кетті. Бір уыс боп, бір шөкім боп құнысты бір бұрышта. Елдің назарын өзіне аударта қызылшырайлы келіншек сырғасы сыңғырлай бұрала басып, дастарқан жайды. Бауырсақ төкті дастарқанға. Қызыл шоққа сарқылдап қайнаған самауырын келді ортаға. Қазандағы ас бұрқ-сарқ қайнап, жылқының жас етінің исі үйдің ішін алып кетті. Құрманғазы қаймақ қатқан күрең шәйін сызылта құйып, кесесін ұсынған қызылшырайлы келіншектің жанарынан бір оттың ұшқынын байқап қалды. Ол от – өнерге деген іңкәрлік еді. Сұңғыла күйші жалт еткен ұшқынды өзіне қадалған сансыз көздердің ішінен де көрді. Көрді де аруақ көтергендей арқасы қозып, шаттықтан бойындағы қан тасыды. Іле-шала асау желмен жарыса шапқан арғымақтарша алпыс екі тамыры шымырлап, тұла-бойы қара терге малшынды. Бұл – оның өзі кешкен ішкі сезім күйі еді. Бұл – туар күйдің құдыретімен оны туу биікке көтерген бір дүлей күштің әсері еді. Сол-ақ екен, қос ішекті

«дың» еткізген Құрманғазының салалы саусағына шешеннің тілі біткендей күмбірлеп қоя берді.

Домбыра тілінде – дүлей дауыс, көркем саз. Кейде кәрі Каспийдің тау толқындарындай ақырып кетеді, кейде маздап жанған оттың жарығындай жарқылдап кетеді, кейде көк жүзіне қанатын қаққан қырандай шарықтап кетеді, кейде ауыздығымен алысқан тұлпардай күмбір-күмбір кісінейді, бұл күй!.. Алты қанат ақ боз үйдің төріндегі тіршілік – Құрманғазының қара домбырасының қоңыр үнінен қуат, шуақ алып жатқандай көңілді. Қамкөңілді емес, кілең нар көңілді жандар жиналғандай бұл жерге. Бұрышта бір уыс боп бүктелген сұпы сұрғылт өңін қанша бүркесе де, домбыра үніне құлақ түреді амалсыз...

Күй – құдырет! Құрманғазы да құдырет қой, шіркін!..

Маржан ЕРШУ